

Үздік ауыл кітапханашылары

анықталды

«Үздік ауыл кітапханашы - 2023» кәсіби шеберлік байқауының жеңімпазы анықталды. С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің 80 жылдық мерей-



тойы аясында әдістемелік бөлімнің ұйымдастыруымен ауыл кітапханашылары арасында аудандық «Үздік ауыл кітапханашысы - 2023» кәсіби шеберлік байқауы өтті.

Заманауи жетістіктерге лайықты әдіс-тәсілдермен кітапхана ісін дамытуға қабілетті кітапханашыларды таныту, кітапханашылардың ауыл тұрғындарына бүгінгі күн талабына сай кітапханалық қызмет көрсетудегі біліктілігі мен кәсіби деңгейін анықтау, кітапхана ісін дамытуда кітапханашылардың жаңашылдық бастамасына қолдау көрсету, кітапханашының кәсіби дамуын ынталандыру, мамандық беделі мен әлеуметтік мәнін көтеру, кітапхана қызметіне жаңа ақпараттық технологиялар мен әдістерін енгізу мақсатында ұйымдастырылған байқауға 15 үміткер қатысты. 2 ші кезеңге сурылып үш кітапханашы өтті. Олар С.Сейфуллиннің өлеңінен үзінді оқып, «Менің мамандығым» атты кітапхана ісіне байланысты сұрақтарға жауап берді. Жағдаятты сұрақтар бөліміне қатысып, тығырықтан дұрыс шешім тауып шыға алатындарын көрсетті.

«Қарлығаш» балабақшасының музыка мұғалімі Әйгерім Әбікеева шәкірттерімен кештің әнмен сәнін келтірді.

Кәсіби шеберлік байқауының бас жүлдесін «Үздік ауыл кітапханашысы - 2023» және 30 мың теңге көлеміндегі жүлдені Ақтүбек ауылының кітапханашысы Бағлан Жұмағұлқызы Анишева жеңіп алды. ІІ дәрежелі диплом мен 20 мың теңге көлеміндегі жүлдені С.Сейфуллин ауылының кітапханашысы Гүлайым Ізтөлеуқызы Акатова, ІІІ дәрежелі диплом мен 10 мың теңге көлеміндегі жүлдені Байдалы би ауылының кітапханашысы Айгүл Құлманқызы Ботбаева ие болды. Әріптестерімізді құттықтай отырып, қатысып белсенділік танытқандары үшін алғысымызды білдіреміз!

Әйгерім Жаншораева,
Әдістемелік бөлімнің меңгерушісі